

# KASE АПТАЛЫҒЫ

21 тамыз -1 қыркүйек  
2023

## KASE ЖАҒАЛЫҚТАРЫ

- KASE 2023 жылдың қыркүйегіне өтімділіктің бірінші, екінші және үшінші кластарының бағалы қағаздарының тізімін [қалыптастырды](#).
- Биржалық ақпаратты тарату [ережелеріне](#) және Биржалық ақпаратты коммерциялық ұсыну шарттары туралы [қағидаға](#) түзетулер қолданысқа енгізілді
- KASE ресми тізіміне Еуразиялық даму банкінің [KZX000001433](#) (EABRe5) халықаралық облигациялары, Алматы қаласы әкімдігінің [KZAJ00000119](#) (ALK007\_011) облигациялары, "Ел Орда Арнау" ЖШС [KZ2P00009996](#) (EOARb1) облигациялары, "Алтын сапа ALM" ЖШС [KZ2P00009962](#) (ALSPb1), "Bereke Bank" АҚ [KZ2C00010049](#) (BERKb14) және [KZ2C00010056](#) (BERKb15) облигациялары облигациялары енгізілді.
- Айналым мерзімінің аяқталуына байланысты KASE ресми тізімінен АҚШ Қаржы министрлігінің [US912796Z517](#) (US\_61\_2308) халықаралық облигациялары және "Еуразиялық банк" АҚ [KZ2C00001188](#) (EUBNb5) облигациялары алынып тасталды
- Эмитенттің бастамасы бойынша KASE ресми тізімінен "Fincraft" Инвестициялық үйі" АҚ [KZ1C00001502](#) (IDFC) жай акциялары алынып тасталды
- KASE-де Еуропалық қайта құру және даму банкінің [XS2655869530](#) (EBRDe19) халықаралық облигацияларымен сауда-саттық ашылды.
- KASE-де Азия даму банкінің [XS2541297557](#) (ASDBe12) халықаралық облигацияларымен сауда-саттық қайта басталды
- "Онлайн ҚазҚаржы МҚҰ" АҚ [KZ2C00009785](#) (MFOKb12) облигациялары "таза" бағамен сауда-саттық тәртіптемесіне ауыстырылды.
- KASE KASE\_VM\* сериялы индикаторларының өкілдік тізімінен "Еуразиялық банк" АҚ [KZ2C00001188](#) (EUBNb5) облигацияларын олардың айналым мерзімінің аяқталуына байланысты алып тастады.
- [KASE\\_VM\\* сериялы](#) индекстердің өкілдік тізімі 64 атаудағы облигациялардан тұрады.

## ЭМИТЕНТТЕРДІҢ ЖАҒАЛЫҚТАРЫ МЕН АНОНСТАР

- "Bereke Bank" АҚ KASE-де [KZ2C00010049](#) (BERKb14) облигацияларын жазылым арқылы өтеуге кірістілігі жылдық 16,00 %-бен орналастыра отырып, 100,0 млрд теңге тартты
- "Bereke Bank" АҚ KASE-де [KZ2C00010056](#) (BERKb15) облигацияларын жазылым арқылы өтеуге кірістілігі жылдық 16,00 %-бен орналастыра отырып, 100,0 млрд теңге тартты
- Алматы қаласының әкімдігі KASE-де KZAJ00000119 (ALK007\_011) облигацияларын орналастыру арқылы 3,7 млрд теңге [тартты](#).
- "Қазақстан Халық Банкі" АҚ KZ000A0LE0S4 (HSBK) жай акциялары бойынша 2022 жылға дивидендтер төлеудің аяқталғаны туралы [хабарлады](#)
- Freedom Finance Life "Өмірді сақтандыру компаниясы" АҚ S&P Global Ratings агенттігі компания рейтингтерін растағаны туралы [хабарлады](#), болжам "Тұрақты".
- "Арнур Кредит" МҚҰ ЖШС Fitch Ratings агенттігі компанияның кредиттік рейтингін растағаны туралы [хабарлады](#), болжам "Тұрақты".
- "Сейф-Ломбард" ЖШС "Эксперт РА" агенттігі серіктестітің рейтингін "kzBBB -" деңгейіне көтергені туралы [хабарлады](#), болжам "Тұрақты".
- "ҚазТрансОйл" АҚ Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының шекаралас аймағындағы "Өзен – Атырау – Самара" магистральдық мұнай құбырының учаскелерін ауыстыру жұмыстарын [аяқтады](#).
- "ҚазТрансОйл" АҚ "магистральдық су құбыры" ЖШС тарифтерінің қайта қаралғаны туралы [хабарлады](#).

01.09.2023		Trends (%)	
KASE Index	3 851,99	1,4	3,9
First class of liquidity	Price	Δ 7D	Δ 1M
Intel Corporation	36,99	12,9	2,6
Freedom Holding Corp.	98,00	7,5	26,5
Apple Inc.	188,97	6,6	- 2,2
Advanced Micro Devices, Inc.	107,80	5,7	- 6,3
АО "НАК "Казатомпром""	13 848,99	4,4	11,8
AT&T Inc.	14,80	4,2	2,4
АО "НК "КазМунайГаз"	11 200,00	3,9	2,3
PayPal Holdings Inc.	63,20	3,5	- 17,1
Tesla, Inc.	247,01	2,9	- 6,8
АО Kaspi.kz	46 691,01	2,7	11,3
АО "Банк ЦентрКредит"	612,85	2,6	6,3
АО "Казактелеком"	33 000,00	0,9	- 2,5
Ford Motor Company	13,99	0,9	1,7
АО "Кселл"	1 985,00	0,5	4,5
АО "KM GOLD"	122,49	0,4	1,1
АО "КазТрансОйл"	818,00	0,4	- 0,2
АО "KEGOC"	1 575,60	0,2	0,5
Bank of America Corporation	28,79	- 0,1	- 10,0
АО "Банк ЦентрКредит"	690,00	- 0,4	0,6
АО "ForteBank"	3,73	- 0,5	- 1,8
Pfizer Inc.	35,70	- 0,8	- 2,0
АО "БАСТ"	6 950,00	- 1,4	- 6,2
АО "Народный банк Казахстана"	157,52	- 2,8	- 3,4

Анықтама: жасыл түспен индекстік акциялар белгіленген

### KASE Индексінің акциялары



### Жеке тұлғалар мен бейрезиденттер үлесі



Тамыз айының соңына қарай KASE индексі өткен жылғы шығындарды қалпына келтіріп, жазғы маусымды жаңа тарихи биіктерде аяқтады. Жыл басынан бері жергілікті нарық жасыл аймақтағы сегіз айдың жетеуін жауып, барлығы 18,9 % қосты.

Жыл басынан бері тиісінше 42,6% және 27,9% қосқан Kaspi.kz және Халық банкінің жай акциялары бүкіл кезең бойы өсудің негізгі локомотивтері болды. Естеріңізге сала кетейік, Лондонда және KASE-де қос листингі бар индекстік компаниялар 2022 жылы басқасынан гөрі көбірек арзандап, ал ағымдағы жылы белсенді түрде қалпына келе бастады.

Айта кету керек, екі қағаз да нарық құлдырай бастағанға дейін өз деңгейіне оралмады. Kaspi.kz жай акциялары бұрын бір акция үшін 62 мың теңгеден саудаланған, ал тамыз айының қорытындысы бойынша бір акция үшін 47 мың теңге белгісінде жабылды. Халық банктің жай акциясының бағасы 200 теңгеден асты, бұл ретте тамыз айы 162 теңгемен жабылды.

Қос листингтің үшінші индекс өкілі Қазатомөнеркәсіп құлағаннан кейін әлі қалпына келген жоқ. Уран компаниясының акциялары нарықтың жалпы құлдырауы кезеңінде 30 %-дан 21 мыңнан 14 мыңға дейін төмендеді және ең төменгі түзетулермен берілген деңгейде сауданы жалғастыруда. Бұл ретте уранның бағасы жыл басынан бері бір унция үшін 48 доллардан 58 долларға дейін 21 %-ға өсті.

Күзгі кезеңде барлық индекстік өкілдер жартыжылдықтың сәтті қорытындыларымен кіреді. Күзде Қазақтелекомнан дивидендтер төлеу жөніндегі шешім күтілуде, акционерлер жиналысының күні әлі белгіленбеген..


15 қыркүйек пен 26 қыркүйекке KEGOC акционерлерінің кезектен тыс жиналыстары тағайындалды, онда 1-ші жартыжылдыққа дивидендтер төлеу, Жарғыға және Дивидендтік саясат туралы қағидаға өзгерістер енгізу, сондай-ақ Компанияның жарияланған жай акцияларының саны шегінде орналастыру туралы мәселелер талқыланады.



KASE ақша нарығында TONIA бір күндік репосын тарту мөлшерлемесі базалық мөлшерлеменің жоғарғы дәлізінде қалуды жалғастыра отырып, жылдық 17,16 %-дан 17,23 %-ға дейін өсті. Бір күндік валюталық своп операцияларының АҚШ долларындағы кірістілігі базалық мөлшерлеме дәлізінен төмен саудалана отырып жылдық 13,31 %-дан 12,09 %-ға дейін төмендеді.


### Инфляция және пайыздық мөлшерлеме

Инфляция, 12М    MM Index    Базалық мөлшерлеме    Репо-1д    Свop-1Д




### ҚР ҰБ ноталарын орналастырудың негізгі параметрлері

■ Апталық орналастыру (←)    ■ Айлық орналастыру (←)    ■ Үш айлық орналастыру (←)  
■ Жарты жылдық орналастыру (←)    ■ Жылдық орналастыру (←)    ■ Айлық кірістілігі (→)  
■ Апталық кірістілігі (→)    ■ Үш айлық кірістілігі (→)    ■ Жарты жылдық кірістілігі (→)  
■ Жылдық кірістілігі (→)



### Тәуекелсіз қысққ кірістілігі

01.09.2023 (KZT Yield)    30.12.2022    31.12.2021





Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ақша-несие саясаты комитеті базалық мөлшерлемені +/- 1 п.т. дәлізімен жылдық 16,5 %-ға дейін төмендету туралы шешім қабылдады, шешім Ұлттық Банктің жаңартылған болжамдары, деректерді талдау және инфляция тәуекелдерінің балансын бағалау негізінде қабылданды.


Сыртқы ортаның проинфляциялық қысымы біртіндеп әлсіреуді жалғастыруда. Көптеген елдердегі инфляция орталық банктердің баға тұрақтылығын қамтамасыз ету саясатының нәтижесі ретінде баяулайды, бірақ дамыған елдердегі мөлшерлемелердің төмендеу мерзімдерінің өзгеруіне әкеліп соқтыратын тұрақты болып қалады. Әлемдік азық-түлік нарықтарындағы бағалар, сондай-ақ логистикалық шығындар төмендейді.

Бұл ретте экономика ішінде кеңейіп келе жатқан фискалдық ынталандыру, тұрақты ішкі сұраныс, жоғары және тұрақсыз инфляциялық күтулер, сондай-ақ өндіріс шығындарының өсуі тарапынан проинфляциялық қысым сақталады. Жанар-жағармай құнының өсуінің жанама әсері теңге бағамының серпінімен ішінара өтеле отырып, қалыпты қарқынмен көрінеді.

Нәтижесінде сыртқы факторлардың қысымының біршама әлсіреуіне байланысты тәуекелдердің жиынтық балансы әлсіз дезинфляциялық аймақта қалады. Нақты инфляция мен оның тұрақты бөлігі одан әрі баяулаған кезде базалық мөлшерлемені біркелкі және мұқият төмендету саясаты жалғасады. Бұл ретте төмендетуге арналған кеңістік екінші жартыжылдықта фискалдық ынталандыруды ықтимал жеделдету тәуекелдерімен шектеледі.

**Шетел валюталарының бағамы динамикасы**


Δ %, база (01.01.23)



	Бағасы	Δ 7к, %	Δ 30к, %	Δ 2023, %
— GBPKZT	578,61	-0,07	2,22	4,76
— USDKZT	456,39	-0,82	3,29	-0,64
— EURKZT	495,09	-0,28	2,34	1,41
— CNYKZT	62,85	-0,43	1,53	-5,50
— RUBKZT	4,74	-3,07	-1,45	-25,82

**Brent мұнай құны**

USD/баррель



Анықтама: Кесте мен сызба ҰБ арнайы нарық бағамы негізінде жасалған. ҰБ бағамы KASE бағамымен айырмашылығы болуы мүмкін.



Халықаралық индекстер

Атауы	Мәні	Тренд %			Фьючерс 7к
		7к	1а	1ж	
S&P 500	4 515,77	2,5	0,1	13,8	2,4
Dow Jones	34 837,71	1,4	-1,3	10,0	1,5
PTC	1 055,43	1,1	1,5	-17,5	1,3
ММВБ	2 285,53	0,0	0,0	0,0	1,3
Hang Seng	18 382,06	2,4	-5,8	-6,2	1,9
SS CSI 300	3 791,49	2,2	-4,5	-6,2	2,1
Euro Stoxx 50	4 282,64	1,1	-1,2	23,9	1,0
FTSEuroFirst	4 844,50	1,4	-0,9	16,0	1,2
FTSE 100	7 464,54	1,7	-1,3	4,4	1,7
KASE	3 851,99	1,4	3,9	22,6	

Шикізат нарығы

01.09.2023

Атауы	Бағасы	Тренд %		
		7к	1а	1ж
Мұнай (Brent)	88,55	4,8	6,4	-4,1
Мұнай (WPI)	85,55	7,2	7,6	-1,2
Табиғи газ	2,77	8,9	11,6	-70,1
Мыс	381,25	1,3	-0,8	11,7
Темір	918,50	3,4	0,3	19,2
Алтын	1 940,06	1,3	0,3	14,5
Күміс	24,23	0,0	1,5	38,1
Астық	567,50	-4,3	-11,3	-26,8

Экономикалық уақиғалар күнтізбесі

	Валюта	Болжам	Алдыңғы
05.09 <u>Пайыздық мөлшерлеме бойынша шешім (қырк.)</u>	AUD	4,1%	4,1%
06.09 <u>Пайыздық мөлшерлеме бойынша шешім</u>	CAD	5,0%	5,0%
07.09 <u>Жұмыссыздық бойынша жәрдемақы алуға алғашқы өтінімдердің саны</u>	USD	235K	228K
07.09 <u>Шикі мұнай қоры</u>	USD		-10,584M
08.09 <u>ЖІӨ (т/т) (2 тоқ)</u>	JPY	1,5%	0,7%
08.09 <u>Германияның тұтыну бағаларының индексі (ТБИ) (а/а) (там)</u>	EUR	0,3%	0,3%
08.09 <u>Тұтыну бағаларының индексі (ТБИ) (ж/ж) (там)</u>	RUB	5,1%	4,3%

Анықтама: Күнтізбе KASE пікірі бойынша ағымдағы аптаның экономикалық неғұрлым маңызды оқиғалары

В – миллиард  
М – миллион  
К – мың

Қазақстанның макроэкономикалық статистикасы

	Мәні	Күні	Алдыңғы ай
Жылдық инфляция	13,1%	01.08.23	14,6%
ҚРҰБ жалпықлттық резервтер, млрд USD	34,2	01.08.23	34,5
Ақша базасы, млрд KZT	9 587,0	01.08.23	10 440,8
Ақша масса, млрд KZT	34 215,8	01.08.23	34 713,6

Қазақстанның несие рейтингі

	Рейтинг	Күні	Алдыңғы
	BBB-/A-3 әлсіз	03.03.23	BBB-/A-3 негативті
	Вaa2/әлсіз	11.08.21	Вaa3/позитивті
	BBB/әлсіз	26.05.23	BBB/әлсіз



## "Қазақстан қор биржасы" АҚ

**Мекен-жайы:** Қазақстан Республикасы,  
050040, Алматы қ., Байзақов 280 БЦ  
"Almaty Towers"

**Тел.:** +7 (727) 237 53 00




**Корпоративтік веб-сайт**



**Бізбен байланысыңыз**



**Листингілік компаниялардың  
корпоративтік оқиғалар  
күнтізбесі**



Осы есетегі ақпараттар мен пікірлерді "Қазақстан қор биржасы" АҚ (әрі қарай - KASE) мамандары әзірледі. KASE осы есебінде берілген ақпараттардың толық әрі дәл, дұрыс болуына кепілдік бермейді. KASE де, қызметкерлердің біреуі де осы есептің немесе онда ұсынылған мәліметтер мен талдауларың пайдалану нәтижесінде келген зиянға жауап бермейді. KASE осы есепті үнемі жаңартуға жауап бермейді, сондай-ақ осы есепті дайындаған сәттен бастап, барлық өзгерістер туралы хабарлауға жауап бермейді:

1. Қаржы құралдарына түсетін инвестициядан табыс көбінесе нарықтық және нарықтық емес факторлардан туындайды. Көбінесе, инвестордың нақты кірісіне пайыздық мөлшерлемелердің ауытқулары, салық төлеу нормалары, валюталық бағам қозғалысы, бағалы қағаздардың баға белгілеулерін, нарықтық индекстердің, компанияның өндірістік және қаржылық көрсеткіштерін өзгерту, сондай-ақ басқа факторлар.
2. Өткен қорытындылар болашақтағы көрсеткіштердің қандай болатынын үнемі көрсете бермейді. Сонымен қатар, болашақтағы нәтижелер бағасы орындалмайтын ұйғарымдарға негізделген. Кез келген инвестиция мен кірістің құны төмендеуі немесе жоғарылауы мүмкін, оның нәтижесінде инвесторлар барлық инвестицияланған соманы кері ала алмайды. Инвестициялар үшін жалпыға танымал нарық боламан жағдайда инвесторлар түрлі қиындықтарға кездеседі, мәселен олардың сатылуы немесе олардың тәуекелімен байланысты оның құны туралы сенімді ақпарат алудан бастап.
3. Есеп жеке қаржы ерекшеліктер мен оны алатын тұлғалардың мақсатын ескермей жасалған.

KASE инвесторларға қандай да бір инвестициялар мен стратегиялардың мақсаттылығын бағалауды ұсынады және қаржы кеңесшілерінің қызметін пайдалануға шақырады. Есеп берудің барлық құқықтары KASE тиесілі. Осы талдау материалын тарату және/немесе толық өндіру KASE жазбаша келісімінсіз жүзеге асырылады.